

**МОРФОСИНТАКСИСТІК ТОҒЫСУ ҮДЕРІСТЕРІ
MORPHOSYNTACTIC COUPLING PROCESSES****Қинаят Шаяхметұлы
Kinaiat Shaiakhmetuly****Түйіндеме**

Мақалада тілдік жүйеде орын алып отыратын морфосинтаксистік байланыстар негізінде туындайтын үдерістер қарастырылады. Көркем мәтіннен нақты мысалдар талдауға түсіп, тілде қалыптасқан заңдылықтар мен нормалардан ауытқу түрінде көрінген тілдік қолданыстардың дамуға алып келетіні көрсетіледі. Сонымен бірге синтаксистік қатынастар негізінде морфологиялық бірліктердің мағынасының және қызметінің кеңеюі талдауға түседі.

Кілтсөздер: тілдік жүйе, морфосинтаксис, синергетикалық үдерістер, тілдік құрылыс, сөз тіркесі, диахрония, синхрония, синтаксистік, стилистикалық

Abstract

The article examines the processes that arise on the basis of morphosynthetic connections that occur in the language system. Concrete examples from the artistic text are analyzed, and it is shown that language use, which manifests itself in the form of deviations from the established patterns and norms in the language, leads to development. At the same time, the expansion of the meaning and function of morphological units on the basis of syntactic relations is subject to analysis.

Keywords: language system, morphosyntaxis, synergistic processes, language construction, phrase, diachrony, Synchrony, syntactic, stylistic

Тілдің заттық негізінде жүйелі құрылымдық сипат бар екендігі даусыз. Алайда, жүйелілік дегеніміз тапжылтпас құрсау еместігі де, бұлтартпас шеңбер еместігі де сондайлық шамада күмәнсіз. Ащы мен тұщының, ыстық пен суықтың арақатынастарында қандай ұйқы-тұйқылық сапырылыстар мен шарпысулар болатындығын естен шығармау керек. Синергетикалық үдерістер туралы ұғым-түсініктер тілдік эволюция көріністеріне де жанасымды екендігінің айғақтары аз ұшыраспайды. Бұйымдық дүниедегі табиғи өзгерулер сияқты рухани әлемдегі саналуан ілгерілеу қадамдары мен прогрестік қарыштау нышандары біршама дәрежеде көңіл бөлетіндей жағдайға жетіп отыр.

Осы тұрғыдан қарағанда, Карл Фосслер мен Бенедетто Кроче атап көрсеткендеріндей, тілдік құрылыс материалдарын стандарттық өлшемдер шегінде томаға-тұйық қалыпқа салу, әлбетте, дұрыстық болмайды. Бірімен-бірі ықпалдасып, әсерленіп құбылуы - олардың тірілік әрекеттері. Сөз зергері Ғабит Мүсірепов лингвистикалық эстетизмнің қағидасы мен ұстанымын тамаша формулаға түсірген ғой: «Сөз сөзге жарығын да түсіреді, көлеңкесін де түсіреді».

Мәселен, сөзжасам мен сөзөзгерімнің, сөзтіркесім мен сөйлемнің және осылардың барлығын мәтіндік бүтін ауқымындағы бірер сілкініс пен іркілістен соң тұнықтанған жайына назар аударайық. Тіл мен сөйлеу деңгейлерінде, диахрониялық және синхрониялық күйлерде, статикалық және динамикалық қалыптарда, ауызшалық және жазбашалық нұсқаларда көрінер-көрінбес, білінер-білінбес үдеріспен өтіп жатқан,

схоластикалық «айттым-бітті», «кестім-үзілді» мәніндегі ережелермен үйлеспейтіндіктен қағаберіс қалып жүрген кейбір фактілерді саралап байқайық:

Таң атқанда жел басылып, жауа бораған боран айғыпты.

Алыстағы ақ белден жаңа көрінген күн қып-қызыл екен.

Қысылып, қиналып шыққандай. (Әуезов).

Көк қаршыға кесек көк болаттай. Қаздар болса жүнінің ақ-қарасы қызғылт-сарымен күн сәулесінің астында соншалық шапшаң жарқ-жүрқ етеді. *Лаулаған жалындай.*

(Әуезов). Қазір аңшылардың үш қосы елсіз сыртта. *Иесіз*

үлкен тау.Бақанас тауларында (Әуезов).Базаралыны қалада

қоршаған жиынның оқшау бір тобы бүгінгі кеште

Жиренше пәтерінде. *Бас жатақтағы Үдері деген*

саудагердің үйінде (Әуезов).

Осы мысалдарда бөліп көрсетілген тіркемелі айқындауыш-пысықтауыш, тіркемелі айқындауыш-баяндауыш (парцелляттар) қазіргі көркем мәтіннің бедерлі нақышына, күмістей айшығына айналды. Кейбір зерттеушілер айтып, жазып жүргендей мұны орыс прозасының тіліне, Шукшин стиліне телу мүлде қате. Әуезовтің Шукшиннен қырық жыл бұрын қалыптастырған өзіндік мәнері, өз ырғағы. Әуезовтің дарытуымен Нұрпейісов те, Мағауин де, басқа да талай қаламгерлер бұл тәсілді жиі қолдануда.

Мысалы: Өшін кімнен аларын білмей терісі тарылып

отырған үстіне бір кемпір келді. Былтырғы жұтта бар малы

қырылып, басқа күнкөрістері қалмаған соң теңіз жағасына

құлаған *жүдеу ауылдың жетім кемпірі.* (Нұрпейісов). Ал-

маты қабылдамай, түні бойы Қарағанды аэропортын

күзетті. Ақыры ұшты-ау. *Таң ата. Күн көтеріле.*

(Мағауин). Жүгіріп мектепке келді. Жан жоқ. Қуанды.

Бірінші болып келдім деп. (Мұқаев).

Мәтіннің синтаксистік-стистикалық ұйымдастырылуы морфологиялық танымал материалға негізделгендігі өз алдына, тіпті оған қоса фонологиялық демеуіш-жөнеуіш белгілері де сезіліп тұр. Дыбыстап-дауыстап оқудың ұластырғыш екпін реңі елеулі қызмет атқарып тұр. Ендеше синтаксистің кәдімгі межесіндегі айқындауыш туралы түсінік немесе толымсыз сөйлем туралы түсінік бұл жерде дәрменсізденуі ап-айқын.

Тағы да бір тың жағдаятқа ден қойып, талдау жүргізейік. Сөз тіркесі синтаксисінде қиысу байланысын бүгінге дейін бір ғана үлгіде таныту барлық оқулықтарда орын алған: бастауыштық-баяндауыштық қатынас. Логика бойынша бұл тұжырымды бірізділікпен қабылдап, тұлғалық сәйкесу десек, оның басқаша қолданыстардағы үлгілерін жатсынбас едік. Мысалы:

Әлемнің *түкпір-түкпірінен* жиналған *мұсылмандар* бір

атаның *балаларындай* бір сапқа тұрып, сәждеге жығылуда.

(Дербісәлі). Осының ертеңінде түске таман Майбасардың

екі атшабары – Қамысбай, Жұмағұл шапқылап кеп, Жігітек

ішіндегі есіктерінің ар жағына *сүңгіп-сүңгіп* кетті. (Әуезов).

Досмұхамбетовтер кіріп келгенде, *бұлар*, молданы көрген

шәкірттердей орындарынан *ұшып-ұшып* түрегеліп,

жапырыла *тағзым етісті.* (Есенжанов).*Офицер* басқа

ұрған *балықтай* кілт тоқтады. (Есенжанов). Ауылдың

алдында *дөңкиіп-дөңкиіп* жатқан қызыл *шағылдар* көрінеді.

(Кекілбаев). Алда тұрған еңгезердей біреу керек заттарының тізімін оқып тұр. *Артындағылары* шешесінің етегінен тартып қыңқылдайтын *балаларша* әлгі адамға *қайта-қайта* өз *мұқтаждарын* айтып қояды. (Жүнісов). Қайран футбол *адамдарды* қалғыған *Күнілердей* қағып-қағып алады-ау (Мырзалиев). *Аттарын тұсап-тұсап* тастаған *балалар* бүлдіргеннің қызығына әлі қанған жоқ (Әуезов).

Бөліп көрсетілген сөздердің үндесе-бірдейлесе байланысуы көпше және жекеше өзгерім арқылы, қайталама қосарласу арқылы, ортақ егіс түрленісі арқылы жүзеге асқан. Мәтіндік бүтіннің ықтиярымен сандық қиысу болған.

Морфосинтаксис түйісуіндегі мұндай құбылыстарды әлі де терең және жан-жақты ашып, себеп-салдарын толық түсінудің ғылыми мәні мол. Қазіргі заманғы озық теориялық жинақтаулар тілдердің ескіше типологиялық саралануына сыни көзқараспен байыптай үңіліп, даму көріністерін жете тануды қажеттендіреді.

Әдебиеттер:

1. Адмони В.Г. Грамматический строй как система построения и общая теория грамматики. «Наука», Л., 1988.
2. Бондарко А.В. Теория морфологических категорий. «Наука», Л., 1976.
3. Москальская О.И. Грамматика текста. «Наука», М., 1981.